

Жалпы жергілікті өңірлердегі сауатсыздықты жою мақсатында жасаған іс-шараларды Семей саяси-ағартушылық бөлімшесінің 1924-1925 жылғы есебінің қорытындыларынан көруге болады. Бұл жылдары 77 сауатсыздықты жою пункттері ашылып, оның 42-сі қыс айында, 35-сі жаз айларында жұмыс істеген. Қазақ тілінде оқытатын тәжірибелі мұғалімдердің саны аз болғандықтан, Қазақ педагогикалық техникумдарының 3 курс машықкерлерін қызметке араластырып отырған. Бұл көп жағдайда машықкерлердің тәжірибесіздігінен білім сапасының төмендеуіне қатты әсер етіп отырды. Уездік халыққа білім беру бөлімшесінің меңгерушісінің орынбасары Алдоңғаровтың 1925-1926 жылғы есебі бойынша, Сейфуллин болыстығында 8 сауатсыздықты жою пункті, Бесқарағай - 7, Қызылтан - 13, Менден - 17, Достық - 21, Луначарская - 7, Краснооктябрьск - 6, Ленинск - 10, Александровская болыстығында - 1 жою пункті ашылған деп көрсетеді [279;35].

Қоғамның рухани негізі - ұлттық білім беру жүйесін қалыптастыру мақсатында Алаш қозғалысы мен Алаш Орда үкіметі қайраткерлерінің қажырлы еңбектерінің нәтижесінде ұлт мектебін дамытудың іргетасы қаланды. Осылайша қазақ зиялылары ұлттық білім беру жүйесін қалыптастырғанымен оны өз дәрежесінде өрбітіп өркендетуіне кедергілер көп болды. Қазақ халқына білім берудің кеңестік үлгісі танылды. Бірақ та ұлт мектебін дамыту, жас ұрпаққа ұлттық тәрбие беру жолындағы күрес мұнымен тоқтап қалған жоқ еді. Бұл мақсаттағы күрес жүргізудің аясы тарылғанымен, большевиктік жүйеге бейімделе отырып, мәдени - ағарту, педагогикалық - шығармашылық жұмыстарын ұлт - азаттық күрестің жаңа кезеңінде, Кеңестік билік кезеңінде де өз жалғасын тапты. Бұл күрес - Алаш қозғалысының заңды сабақтастығы болып табылады.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Шаяхметов. Н.У. Қазақстанның Солтүстік - Шығыс аймағындағы қазақ зиялыларының қос төңкеріс пен азаматтық қарсы тұру жылдарындағы қоғамдық - саяси қызметі. (Ақмола мен Семей облысының материалдары бойынша 1917 - 1920 ж). т.ғ.к. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. - Алматы. 2000. - 150 бет.
2. ҚР ОММ(Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архиві) 15 - қор, 2 - тізбе, 422 - іс, 133 - п.
3. Нұрпейісов. К. Алаш һәм Алашорда. -Алматы: «Ататек», 1995. - 265 бет.
4. Алаш - Орда: Сборник документов / сост. Н. Мартыненко. - Алма - Ата: Малое Издательство «Айкап», 1992. - 192 с.
5. Қойгелдиев. М. Алаш қозғалысы. - Алматы: Санат, 1995. - 368 бет.
6. ҚР ОММ 15 - қор, 2 - тізбе, 422 - іс, 133 - п.
7. Мұратбек Кенемолдин. Алаш мектептері. // Абай. №4. 83 бет.
8. Абай облысы (АО) ҚЗТҚО 37 - қор, 1 - тізбе, 117 - іс, 18 - п.
9. АОМА (Абай облысы мемлекеттік архиві)37 - қор, 1-тізбе, 127 - іс, 684-п.
10. Умарова. Г.С. Қазақ әдебиетінің тарихы. - Астана: Фолиант, 2007. - 244 б.
11. АОМА37 - қор, 1 - тізбе, 87 - іс, 73 -74 - п.
12. Шаяхметов. Н.У. Қазақстанның Солтүстік - Шығыс аймағындағы қазақ зиялыларының қос төңкеріс пен азаматтық қарсы тұру жылдарындағы қоғамдық - саяси қызметі. (Ақмола мен Семей облысының материалдары бойынша 1917 - 1920 ж). т.ғ.к. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. - Алматы. 2000. - 150 бет.
13. Жұмабаев. М., Шығармалар. - Т - III. - Алматы: «Білім», 1992. - 512 б. М.
14. АОМА415 - қор, 1 - тізбе, 4 - іс, 24 - п.
15. АОМА185 - қор, 1 - тізбе, 4 - іс, 21 - п.
16. АОМА 185 - қор, 1 - тізбе, 27 - іс, 21, 29, 35 - п.

### **ОРЫС САЯХАТШЫЛАРЫ МЕН ЭТНОГРАФТАРЫНЫҢ ЖАЗБАЛАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҚЫЗДАРЫНЫҢ КИІМ ҮЛГІЛЕРІ**

**Адилхан А.Г., Абылқасым Н.Ж., Күнту Н.Ш.**

Ғылыми жетекші - т.ғ.к., қауым.профессоры Туякова А.Е.

Астана халықаралық университеті,

akerkeadilkhana@gmail.com

Астана.қ.

Қазақ халқының дәстүрлі киімдері - ұлттық мәдениеттің көрінісі ғана емес, халықтың тұрмыс-тіршілігі, әлеуметтік жағдайы, эстетикалық талғамы мен дүниетанымын бейнелейтін бай

этнографиялық мұра. Әсіресе қазақ қыздарының киім үлгілері - ұлттық сәндік мәдениеттің ең көрнекті бөлігі. XVIII-XIX ғасырларда қазақ даласын аралаған орыс саяхатшылары мен этнографтары қыз-келіншектердің киімін ерекше дәлдікпен сипаттап, өз еңбектерінде құнды этнографиялық деректер қалдырды. Бұл жазбалар қазақ киімінің тарихи формасын, аймақтық ерекшеліктерін және әлеуметтік мәнін зерттеуге үлкен мүмкіндік береді. П. Паллас, И. Георги, А. Левшин, В. Радлов, Г. Потанин еңбектерінде қазақ қыздарының киімі туралы нақты суреттемелер мен бақылаулар келтірілген. Олардың еңбектері қазіргі этнологияда негізгі бастапқы дереккөздер қатарына кіреді.

Дәстүрлі қазақ киімдерінің көп бөлігінің өзгеріске ұшыраған қазіргі кезеңде тарихи деректердегі алғашқы нұсқаларды ғылыми түрде талдап, ұлттық киімнің бастапқы этникалық болмысын анықтаудың қажетлігінде. Сондай-ақ орыс саяхатшылары жазбаларындағы мәліметтер қазақ мәдениетінің шынайы тарихи бейнесін қалпына келтіруге маңызды негіз береді.

Қазақ қыздарының киімдерін орыс саяхатшылары мен этнографтарының көзқарасы арқылы талдап, олардың еңбектеріндегі деректерді жүйелеу және киім үлгілерінің этнографиялық ерекшеліктерін анықтау.

Қазақ қыздарының дәстүрлі киімдері - халқымыздың эстетикалық талғамын, тұрмыс-салтын, әлеуметтік мәртебесін және этностық дүниетанымын айқын бейнелейтін мәдени мұра. XVIII-XIX ғасырларда қазақ даласын зерттеген орыс саяхатшылары мен этнографтары қазақ қыздарының киіміне ерекше назар аударып, олардың әрбір деталіне қатысты нақты жазбалар қалдырған. Бұл жазбалар бүгінде тарихи-этнографиялық дерек ретінде аса құнды. А.И. Левшин қазақ қыздарының киімін «әдемі пішілген, түрлі түсті маталардан тігіліп, сәндік элементтері мол» деп сипаттай келе, камзол мен көйлек қазақтың ұлттық сәндік мәдениетінің негізгі элементі болғанын айтады [1,16]. Қыздардың көйлегі көбіне ашық түсті, жеңі ұзын, жағасы кестеленген, жеңі мен етегі жиі жібек орамамен жиектелген. Қазақ қыздарына тән ерекшелік - киімнің әйелдің жасына қарай безендірілуі. Жас қыздардың киімі әдетте ашық реңді, ал ою-өрнегі нәзік болған. П.С. Паллас қазақ даласындағы қыздардың камзолдарын сипаттай отырып, олардың жібек, барқыт, мақпал сияқты матадан тігілгенін, кесте сәні әр өңірде өзінше ерекшеленетінін атап өтеді [2,16]. Камзолдың өңірі күміс моншақ, үкі, маржан тастармен безендірілген. Мұндай сәндік заттар қыздардың тұрмыстық жағдайын ғана емес, оның шыққан әулетінің әлеуметтік беделін де бейнелеген.

И. Георги қазақ қыздарының бас киімдеріне ерекше тоқталып, кәмшат бөрік пен үкілі тақияның сәндік мәнін атап көрсетеді [3,16]. Оның жазуынша, кәмшат бөрік - ауқатты отбасылардың қыздары киетін мәртебелі бас киім, ал үкілі тақияны жас қыздар мерекелік шеруде немесе бойжеткен шақта киген. Бас киімдер көбіне құндыз, бұлғын, кәмшат терісімен өңделіп, үкінің үкісі қадалған. Үкі - қыз сұлулығының, нәзіктігінің символы саналған. В. В. Радлов зерттеулерінде қыздардың әшекей бұйымдары өте жоғары деңгейде сипатталған. Ол қазақ қыздарының әшекейлерін «жүрген кезде сыңғырлап дыбыс шығаратын, әсемдік пен әуезділікті үйлестіретін зергерлік өнер туындысы» деп бағалайды [4,36]. Қыздар көбіне алқа, шолпы, өңіржиек, күміс білезік, жүзік таққан. Әшекейлердің түрі мен көлемі де қыздың жасына, отбасының жағдайына және өңірлік дәстүрге байланысты өзгеріп отырған. Сонымен бірге, қазақ қыздарының салттық киімдерінің бірі - сәукеле. Сәукеле - бойжеткен қыздың ұзатылар кездегі басты киімі, оның сәндік деңгейі қазақ мәдениетінің ең жоғарғы көрінісі саналған. Сәукеленің биіктігі, оның әшекейлері, желегі қыздың шыққан әулетінің абыройын білдірген. Левшин қазақ даласында сәукеленің «аса қымбат, ұзақ дайындалатын киім екенін» және оның көбіне арнайы шеберлер тарапынан тігілетінін айтады [1,16].

Ресей империясының саяхатшылары мен этнографтары қалдырған жазбалар қазақ қыздарының киімі - кездейсоқ сән емес, ұлттық кодқа айналған күрделі мәдени жүйе екенін дәлелдейді. Киім тек денені жабу қызметін атқарған жоқ, ол қыздың жасы, мәртебесі, руы, тіпті тұрмысқа шығу деңгейі сияқты әлеуметтік ақпарат жеткізген. Қазақ халқының кең байтақ даласы түрлі табиғи-географиялық аймақтарға бөлінетіндіктен, қыздардың киім үлгілерінде де аймақтық айырмашылықтар қалыптасқан. Бұл ерекшеліктерді орыс этнографтары нақты атап көрсеткен. Киім айырмашылығы көбіне матаның түріне, кесте өрнегіне, түстерге және әшекейдің көлеміне байланысты болған. Г.Н. Потанин Іле өңіріндегі қазақтардың киімдерін сипаттай отырып, бұл аймақтың қыздары ашық түсті жібек пен барқытты жиі қолданатынын жазады [5,66]. Оның айтуынша, Іленің қыздары маржанмен, түрлі түсті моншақпен безендірілген өңіржиек тағуды ерекше жақсы көрген. Сонымен қатар, олардың көйлегіндегі ою-өрнектер нәзік, көбіне өсімдік тектес өрнектер болған. Ал Арқа мен Сыр бойында қыздардың киімдері түстері жағынан бай, бірақ кесте элементтері ұлттық геометриялық оюлармен көбірек безендірілгені байқалады. Левшин бұл аймақтардың қыздары «қызыл, жасыл және көк түстерді ерекше үйлестіре қолданады» деп жазады [1,26]. Мұндай түстер көшпелі қазақтың дүниетанымдық символикасымен байланысты болған. Қазақ ұлттық киімдерін зерттеген кейінгі ғалымдар да аймақтық

айырмашылықтарды нақтылаған. Мысалы, Жетісу өңірінің киімінде шығыстық әсер байқалады - себебі бұл аймақ Ұлы Жібек жолының бойында орналасқан. Жетісудағы қыздардың жібек матадан тігілген көйлектері Қытай және Қоқан базарларынан келген маталармен тігілгенін этнографиялық деректер растайды [6,16]. Батыс Қазақстандағы қыздардың киімінде күміс әшекейлердің салмағы көбірек болып, өңіржиегі ірілеу жасалған. Бұл өңірдегі қыздардың шолпысы үлкен болғандықтан, жүрген сайын анық сыңғырлаған. Аймақтық айырмашылықтардың болуы қазақ қыздарының киімі тек сәндік элемент емес, әр өңірдің өмір салтына, шаруашылығына, сауда қатынастарына бейімделген күрделі этнографиялық құрылым екенін дәлелдейді. Орыс этнографтары бұл айырмашылықтарды аса дәлдікпен тіркеп, қазақ киімінің көпқырлы этникалық қазына екенін атап көрсеткен.

XVIII-XIX ғасырларда Ресей империясының кеңеюімен қатар дала аймақтарын игеру мақсатында көптеген саяхатшылар, әскери барлаушылар және ғалым-этнографтар қазақ даласын аралады. Олар қазақтың тұрмысын, дәстүрін, соның ішінде қыз-келіншектердің киім үлгілерін аса қызығушылықпен жазып қалдырған. Бұл жазбалар сол кезеңдегі ұлттық киімнің нақты бейнесін ғылыми тұрғыда қалпына келтіруге мүмкіндік береді. А.И. Левшин қазақ қыздарының киімін алғаш көргенде оның әсемдігіне таң қалғанын айтады. Ол қазақ қыздарын “жаратылысы сымбатты, ал киімі - талғаммен үйлескен сәндік мұра” деп сипаттайды [1,36]. Левшиннің жазбасында қыздардың көйлектері жіңішке белді етіп пішілетіні, көйлек жеңінің ұзындығы мен жағасының ойындысы олардың жас ерекшелігіне қарай өзгеретіні айтылады. Сондай-ақ ол жас қыздардың көбіне ашық түстерді - қызыл, жасыл, көк, сары түстерді - ұнататынын жазады. П. С. Паллас қазақ даласын аралаған тұсында қыздардың камзолдары мен тақияларына ерекше мән берген. Ол камзолды «қазақ әйелдерінің ең сәнді киімдерінің бірі, әрбір кесте-жібегі жоғары шеберлікпен өрілген» деп бағалайды [2,46]. Паллас әсіресе камзолдың төсі мен өңіріндегі оюлардың нәзік құрылымына назар аударған. Оның жазбасына қарағанда, қазақтың киім кестелері Орынбор мен Бұхарадан келген кесте үлгілеріне қарағанда өзгешелеу, өзіндік ұлттық стилге ие болған.

И. Георги қазақ қыздарының бас киімдерін айрықша дәлдікпен суреттеген. Ол қазақ қыздарының тақияларын «түп-түгел маржанмен көмкерілген, үстін үкі қауырсынымен әсемдеген кестелі бас киім» деп жазады [3,36]. Георги қыздардың әшекейлері туралы айта отырып, олардың көбіне күмістен жасалғанын, әрбір әшекей бұйымының - шолпы, сырға, өңіржиек - әлеуметтік және эстетикалық мәнге ие болғанын атап өтеді. Саяхатшылар жазбаларында қазақ қыздарының киімі көшпелі өмір салтына бейімделгенімен, сәндік тұрғыдан өте жоғары деңгейде болғаны көрінеді. Радловтың айтуынша, қазақ қыздарының әшекейлері киімнің тек беткі сәні ғана емес, қыздың әлеуметтік келбетін танытатын “мәдени код” қызметін атқарған [4,56]. Осылайша, Ресей саяхатшыларының еңбектерінде қазақ қыздарының киімі - көшпелілердің эстетикалық талғамын, өмірлік тәжірибесін және қоғамдағы әйел рөлін көрсететін күрделі мәдени жүйе ретінде көрініс табады.

XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басында қазақ даласын терең зерттеген орыс этнографтары қазақ қыздарының киімдерін ғылыми тұрғыдан сипаттап, олардың жасалу технологиясына, материалдарына, аймақтық ерекшеліктеріне назар аударды. Бұл кезеңнің еңбектері - қазақ киімін зерттеудегі ең толық этнографиялық деректердің бірі. В. В. Радлов қазақ қыздарының киімін жүйелі түрде зерттеп, оның құрамдас бөліктерін жан-жақты сипаттады. Ол қыздардың камзолын, көйлек пішінін, бас киімдерін нақты өлшемдерімен, материалдарымен, қолданылған кесте тәсілдерімен бірге жазып қалдырған [4,36]. Радловтың еңбектерінде қыздардың кесте тігу өнері ерекше аталады: оның пікірінше, қазақ қыздары ою-өрнектің композициясын табиғи үйлесіммен құра білген. Г.Н. Потанин қазақ қыздарының киімін этнографиялық объект ретінде қарастырып, әсіресе өңіржиек, шолпы, күміс әшекейлердің мағынасына терең тоқталған. Ол өңіржиекті «қазақ қыздарының мәртебесін білдіретін сәндік киім элементі» деп сипаттап, оның аймақтарға қарай өзгерістері туралы жазды [5,26]. Мысалы, Жетісу өңірінде өңіржиектер көбіне маржанмен безендірілсе, Батыс Қазақстанда күміс элементтері ірі, салмақты түрде жасалған. Қазақ этнографиялық киімдерін зерттеген қазіргі ғалымдар да орыс зерттеушілерінің деректерін нақтылай отырып, ұлттық киімдердің аймақтық айырмашылықтарын терең талдаған. Қазақтың дәстүрлі киімдеріне арналған жинақтарда Жетісу, Арқа, Батыс, Сыр бойы, Маңғыстау өңірлерінің қыз-келіншектер киімдерінің өзіндік көркемдік ерекшеліктері көрсетілген [6,36]. Бұл еңбектер орыс этнографтары жинаған материалдардың ғылыми маңызын тағы бір рет растайды. Ресейлік этнографтардың еңбектері қазақ қыздарының киімі - тек тұрмыстық қажеттіліктен туған бұйым емес, қазақ қоғамының мәдени-әлеуметтік құрылымын көрсететін маңызды символ екенін дәлелдейді. Киім арқылы қыздың жасын, әлеуметтік ортасын, отбасының дәулетін, тіпті руын да аңғаруға болған. Сондықтан этнографтар қазақ киімін “ұлттық идентификацияның көрнекті құралы” деп атаған.

XVIII-XIX ғасырлардағы орыс саяхатшылары мен этнографтарының еңбектерін салыстыра талдағанда қазақ қыздарының киімдеріне қатысты бірнеше ортақ сипаттар анық көрінеді. Бұл ортақ белгілер зерттеушілердің киімнің эстетикалық, әлеуметтік және этнографиялық мәніне бірдей назар аударғанын көрсетеді. Бірінші ортақ ерекшелік - қазақ қыздарының киімдерінің айрықша әсемдігі. Левшин қазақ қыздарының киімдерін алғаш көргенде «түрлі түсті маталардың әсем үйлесі, нәзік кесте, әшекейдің молдығы» деп таңданысын жасырмаған [1,16]. Осы пікірді Паллас та қолдап, қыздардың камзолындағы жібек кестенің ұқыптылығын ерекше атап өтеді [2,26]. Бұл екі дерек қыз-келіншек киімдерінің қазақ қоғамында айрықша сәндік маңызға ие болғанын дәлелдейді. Екінші ортақ белгі - қыздардың әшекей бұйымдарының молдығы және оның әлеуметтік рөлі. Георги мен Радлов қыздардың алқа, шолпы, өңіржиек, білезік сияқты күміс әшекейлерін нақты сипаттап, олардың мағынасына ерекше тоқталған. Олардың пікірінше, қазақ қыздарының әшекейлері тек сән үшін емес, қыздың мәртебесін, отбасылық абыройын білдірген. Бұл қазақ қоғамындағы әйелдің киімі-тек сәндік зат емес, әлеуметтік кодтың бөлігі екенін дәлелдейді. Үшінші ортақ сипат - бас киімдерге ерекше мән беру. Саяхатшылар қазақ қыздарының тақия, кәмшат бөрік және сәукеле сияқты бас киімдерін аса құнды мәдени мұра ретінде сипаттайды. Левшин мен Георги еңбектерінде бас киімдердің әшекейлену тәсілдері, үкі тағу дәстүрі, жібек орамалар мен терілік жиектер талғаммен көрсетілген [1,16][3,26]. Бұл қазақ қыздарының бас киімдері олардың жас ерекшелігіне, тұрмыс-салттағы рөліне тығыз байланысты болғанын көрсетеді. Төртінші ортақ үрдіс - аймақтық ерекшеліктердің сақталуы. Потанин Іле өңіріндегі киімдер нәзік әрі жібек маталы болса, Сыр өңірінде геометриялық кестелердің басым екенін жазған [5,46]. Этнографиялық еңбектерде де бұл айырмашылықтар нақты расталады. Аймақтық ерекшеліктер киімнің тұрмыс салты, табиғи орта және сауда ықпалдарымен тығыз байланыста дамығанын көрсетеді. Саяхатшылардың жазбаларын талдау арқылы қазақ қыздарының киімдерінің тек эстетикалық киім емес, әлеуметтік, мәдени, символикалық мағынасы бар жүйе екені айқын көрінеді. Бұл деректер ұлттық киімнің тарихи болмысын қалпына келтіруде аса құнды материал болып табылады. Орыс саяхатшылары қазақ мәдениеті туралы құнды деректер қалдырғанымен, олардың жазбаларында белгілі бір түсінбеушіліктер, қателіктер және субъективті пікірлер кездеседі. Бұл қателіктер көбіне дәстүрлі киімнің терең этнографиялық мәнін білмеуден немесе еуропалық өлшеммен бағалаудан туындаған. Бірінші қателік - қазақ қыздарының киімін тым “шығыстық” немесе “азиялық сән” ретінде жалпылап бағалау. Мысалы, кейбір зерттеушілер камзол мен көйлектің сәндік элементтерін Орта Азия үлгісімен салыстырған. Шын мәнінде, қазақ киіміндегі кесте, пішім және өрнек жүйесі өзіне тән этникалық стильге ие. Радлов бұл айырмашылықты кейінірек нақты көрсетіп, қазақ киімінің өзіндік ерекшелігін қайта дәлелдеді [4,66]. Екінші қателік - бас киімдерге берілген түсініктемелердің үстірт болуы. Георги мен Паллас сәукелені “той киімі” деп жалпы сипаттағанымен, сәукеленің ұзатылған қызға ғана арналған ерекше ритуалдық мәні бар салттық киім екенін толық ашып көрсете алмаған [2][3,56]. Бұл қазақтың салт-дәстүрлерінің күрделілігін зерттеушілердің толық түсінбеуін көрсетеді. Үшінші қателік - әшекейдің тек әсемдік үшін қолданылғанын көрсету. Кейбір саяхатшылар шолпы мен өңіржиектің тек сәндік қызмет атқаратынын жазған. Ал қазақ этнографиясында бұл әшекейлер - тек әшекей ғана емес, қыз баланың қорғаныш сенімі, символдық атрибуты, әрі әлеуметтік мәртебесінің көрсеткіші [6,46]. Мұны зерттеушілердің көпшілігі алғашқыда байқай алмаған. Төртінші түсінбеушілік - аймақтық киім айырмашылықтарын толық ажырата алмауы. Мысалы, Потанин тек кейбір өңірлердің ерекшеліктерін нақты жазғанымен, барлық аймақтың киімдерін жалпылама түрде сипаттап кеткен тұстары бар [5,46]. Бұл қазақ даласының кеңдігін және әр өңірдің өзіндік киім үлгісінің тереңдігін толық тануға жеткіліксіз болғанын көрсетеді. Бұл қателіктерге қарамастан, орыс зерттеушілерінің еңбектері қазақ қыздарының киіміне қатысты ең алғашқы, ең толық деректердің бірі болып табылады. Олар қалдырған мәліметтер этнографиялық тұрғыдан аса маңызды, ал қателіктер - олардың өз заманы мен білім деңгейінің ерекшелігі. Қазақ қыздарының дәстүрлі киімдерін зерттеу - қазақ халқының этнографиялық, эстетикалық және рухани мұрасын терең түсінуге мүмкіндік беретін маңызды ғылыми бағыт. XVIII-XIX ғасырлардағы орыс саяхатшылары мен этнографтарының еңбектері қазақ мәдениеті туралы ең алғашқы жүйелі жазбалардың бірі болғандықтан, бұл зерттеуде олардың деректері ерекше маңызға ие. Дегенмен, бұл деректерді жай ғана тарихи материал ретінде емес, сол дәуірдің ғылыми көзқарастары, таным шеңбері және әлемге деген түсінігі арқылы қалыптасқан құжаттар ретінде талдау қажет.

Зерттеу нәтижесі көрсеткендей, қазақ қыздарының дәстүрлі киімі - бұл ұлттың мәдени жадын, дүниетанымын, әлеуметтік құрылымын және эстетикалық талғамын тіркейтін күрделі мәдени жүйе. Киім тек тұрмыстық қажеттілікті өтейтін зат емес, оның әрбір элементінің символдық мәні бар. Киім арқылы қыздың жасы, әлеуметтік мәртебесі, шыққан ортасы, тіпті өңірлік ерекшелігі көрініс тапқан. Қыздың бас киімі - оның әлеуметтік мәртебесінің белгісі, ал әшекейлері - тектілік пен сұлулықтың

мәдени коды. Камзол, көйлек, кесте, ою-өрнек - барлығы қазақтың материалдық мәдениетінің айқын көрінісі. Саяхатшылардың жазбаларындағы ортақ ерекшеліктер қазақ киімінің үйлесімділігі мен әсемдігін көрсетеді. Левшин, Георги, Паллас, Радлов және Потанин еңбектерін салыстыру барысында қазақ қыздарының киімі Еуразия даласындағы ең көркем этнографиялық дәстүрлердің бірі болғаны дәлелденді. Әсіресе түстер үйлесімі, жібек маталардың қолданылуы, маржан мен күміс әшекейлердің көптігі, кесте өнерінің дамығандығы - қазақ мәдениетінің өте жоғары эстетикалық деңгейін паш етеді. Сонымен бірге зерттеу барысында орыс зерттеушілерінің көзқарастарында белгілі бір қателіктер мен түсінбеушіліктер бар екені анықталды. Бұл - табиғи құбылыс, себебі олар қазақ мәдениетін сырттай бақылап, өздерінің еуропалық эстетикалық өлшемдерімен бағалауға тырысқан. Кейбір зерттеушілер қазақ киімінің терең символдық мәнін, әсіресе бас киімдер мен әшекейлердің ритуалдық мағынасын толық түсіне алмаған. Бұл - этнографиялық білімнің сол кездегі дамуының ерекшелігі және мәдениаралық айырмашылықтардың нәтижесі. Зерттеу көрсеткен маңызды нәтижелердің бірі - аймақтық киім үлгілерінің ерекшеліктері. Қазақ даласының кеңдігіне байланысты киім үлгілері өңірге қарай өзгеріп отырған: Жетісудағы қыздардың киімі жібекке жақын болса, Батыс Қазақстанда күміс әшекейлер басым. Арқа мен Сыр өңірлерінің киімінде геометриялық өрнектер мен қанық түстер кездеседі. Бұл айырмашылықтар қазақ мәдениетінің ішкі көпқырлылығын көрсетеді. Сонымен қатар аймақтық ерекшеліктер қыз-келіншек киімдерін жүйелі түрде зерттеу қажеттігін айқын дәлелдейді.

Қазақ қыздарының киімдері туралы деректерді жинақтай келе, бұл киімдердің қазақ қоғамының рухани-мәдени өмірінде ерекше рөл атқарғанын байқауға болады. Киім - адамның ұлттық болмысын айқындайтын ең маңызды факторлардың бірі. Әсіресе қазақ қыздарының киімі - ұлттық эстетика мен нәзіктіктің айқын көрінісі. Ол тарихи жадтың, тектіліктің және әулеттік дәстүрдің жалғастығын қамтамасыз еткен. Бұл зерттеу орыс саяхатшылары мен этнографтарының еңбектеріне сүйене отырып, қазақ қыздарының киім мәдениетінің тарихи бейнесін қалпына келтіруге мүмкіндік береді. Дегенмен, бұл жазбаларды толық шындық ретінде емес, белгілі бір тарихи кезеңнің көзқарасы деп қарау қажет. Қазақ киімдерінің шынайы мағынасын түсіну үшін халық ауыз әдебиеті, археологиялық заттық деректер және жергілікті этнографиялық зерттеулерді де ескеру маңызды. Қорытындылай келе, қазақ қыздарының дәстүрлі киімі - ұлттың рухани және мәдени тарихының ажырамас бөлігі. Орыс зерттеушілерінің жазбаларын талдау бұл киімдердің күрделі эстетикалық, әлеуметтік және символдық жүйе екенін көрсетеді. Қазақ киімін зерттеу - ұлттық мәдениетті терең түсінудің, оның бастапқы формасын қалпына келтірудің, және бүгінгі ұрпаққа дұрыс жеткізудің маңызды жолы. Қазақ киімдері - жай этнографиялық мұра емес, ол - қазақ дүниетанымының көркем тілі, халықтың сұлулық туралы түсінігінің айғағы және ғасырлар бойы қалыптасқан мәдениетінің көрінісі. Осы зерттеу ұлттық мұраға деген жаңа көзқарас қалыптастыруға және кейінгі ғылыми еңбектерге негіз болады.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Левшин А. И. Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей. - Санкт-Петербург, 1832.
2. Паллас П. С. Путешествие по разным провинциям Российского государства. - Санкт-Петербург, 1773-1778.
3. Георги И. Г. Описание всех народов, живущих в Российской империи. - Санкт-Петербург, 1799.
4. Радлов В. В. Опыт словаря тюркских наречий (этнографиялық материалдары).
5. Потанин Г. Н. Очерки северо-западной Монголии. - Санкт-Петербург, 1881.
6. Қазанғапова Н., Қасиманов С. Қазақтың ұлттық киімдері. - Алматы: Қазақ энциклопедиясы.

## **ҰЛЫ ЖІБЕК ЖОЛЫ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАН ТЕРРИТОРИЯСЫ**

**Амангельды М.К.**

Ғылыми жетекші: Қоскеева Ә.М.

С. Сейфуллин атындағы ҚАТЗУ қауым. проф. м.а., PhD доктор.

koskeeva@mail.ru

Астана қ.

Ұлы Жібек Жолы - Қытай жерінен басталып, Қиыр Шығыс пен Еуропа елдеріне беттеген керуен жолы, адамзат өркениеті жасағын тарихи ескерткіш. Біздің дәуірімізден бұрынғы II ғасырдан басталған бұл жол Еуропа мен Азияның - Батыс пен Шығыстың арасын жалғастырған көпір болды.